


АЭА және ИА-ға қалай қатысуға болады?



Қосымша ақпарат біздің
www.qazindustry.gov.kz
интернер-ресурсында қолжетімді

010000, Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғылы, 17,
Е блогы, 4-5 қабат
+ 7 (7172) 79 33 99



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ

«QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 469 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бойынша бірыңғай үйлестіру орталығы ретінде белгіленді және жұмыс істеуде:

- ✓ АЭА / ИА дамыту және жылжыту
- ✓ АЭА қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу және қатысушыларға куәліктер беру
- ✓ ИА бірыңғай тізілімін жүргізу
- ✓ АЭА және ИА туралы заңнаманы жетілдіру
- ✓ АЭА қатысушылары көрсеткіштерінің мониторингі
- ✓ Интерактивті базаны сүйемелдеу
- ✓ Басқарушы компаниялар қызметін жетілдіру
- ✓ АЭА мен ИА қатысушыларының проблемалық мәселелерін шешуге көмек көрсету

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ

Арнайы экономикалық аймақ - (АЭА) - қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы құқықтық режим қолданылатын және инфрақұрылым объектілері қамтамасыз етілген Қазақстан Республикасының аумағының бір бөлігі.

Қазақстанда әртүрлі салалық бағыттағы 13 АЭА жұмыс істейді.

АЭА преференциялары

Салықтық преференциялары

0% Корпоративтік табыс салығы
Жер салығы
Мүлік салығы

Кедендік преференциялары

Импорт кезінде кеден баждарынан босату

Инфрақұрылымы бар жер учаскесі

АЭА жұмыс істеп тұрған барлық кезеңге төгін жер учаскесін беру

Қолжетімді инфрақұрылым

Жерді сатып алудың басым құқығы

Шетелдік жұмыс күшін жалдаудың оңайлатылған рәсімі


Инвестиция көлемі 1 млн. АЕК-тен асатын жобалар үшін шетелдік жұмыс күшін тарту квотадан тыс және рұқсатсыз жүзеге асырылады

QazIndustry

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ

Индустриялық аймақ - (ИА) - жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агрокәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ.

Қазақстанда 23 индустриялық аймақ жұмыс істейді.

Индустриялық аймақтарға қатысудың артықшылықтары:

- Қамтамасыз ету, жер учаскелерін пайдалану төлемақысы (ЖУ)
- Дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету
- Кадастрлық құны бойынша ЖУ ұзақ мерзімді жалға алу немесе сатып алу мүмкіндігі
- Салалық шектеулердің болмауы
- Уәкілетті органмен инвестициялық келісімшарт жасасу мүмкіндігі (Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі)

Инвестициялық келісімшарт жасасу кезіндегі преференциялар

Салықтық жеңілдіктер

0% Корпоративтік табыс салығы (10 жылға дейін)
Жер салығы (10 жылға дейін)
Мүлік салығы (8 жылға дейін)

Кедендік баждардан босату

Кеден бажы 0% 5 жылға дейін импортқа:

- Технологиялық жабдықтар мен оның
- Қосалқы бөлшектер, шикізат және материалдар

Заттай гранттар

Жер учаскелері, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар

Шетелдік жұмыс күшінің жеңілдетілген рәсімі

Шетелдік жұмыс күшін тарту квотадан тыс және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатсыз жүзеге асырылады

Қолжетімді инфрақұрылым объектілері АЭА және ИА аумағында



Темір жол



Автожол



Сумен жабдықтау



Газбен жабдықтау



Жылумен жабдықтау



Кәріз жүйесі



Электрмен жабдықтау